

## Шахтинск қаласында 2014 жылға арналған халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 қаңтардағы № 2/4 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 ақпанда № 2536 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. "Шахтинск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген ережелерге сәйкес нысаналы топтарға жататын жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау шараларымен қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Н.Б. Рыстинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин

Шахтинск

қаласы

әкімдігінің

2014

жылғы

14

қаңтардағы

№

2 / 4

қаулысына

қосымша

### Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

№	Санаттың атауы
1.	Елу жастан асқан тұлғалар
2.	Көп уақыт жұмыс істемеген тұлғалар (бір жыл және одан көп)
3.	Бастауыш, орташа кәсіби білім берудің түлектері (оқу орнын бітіру күнінен 12 ай ішінде)
4.	Алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, өтілі жоқ жұмыспен қамтылмаған жастар